

**Байсарина Ж.С.**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті PhD докторанты,  
Қазақстан, Астана қ., email: zhazira\_82@mail.ru

**ҮШ АҚЫННЫҢ ҮНДЕСТІГІ  
(Абай, Лермонтов, Байрон)**

Бүгінгі таңда қазақтың ұлттық бірегейлікті өркендету, ұлттық кодын сақтау мен мәдени кеңістіктер шекараларын анықтау кезеңіндегі аударманың мәдени контексте зерттелуі Абайдың «Көңілім менің қараңғы...» өлеңінің қазақ және орыс тілдеріндегі аудармаларының ағылшын тіліндегі түпнұсқа туындысымен үндестіктері мен айырмашылықтарын анықтау арқылы, туыс емес тілдердегі ұлттық мәдени және эмоционалды концептілерге тілдік және философиялық талдау жасау арқылы мақаланың басты мақсаты мен міндеті айқындалады.

Абай дәуірінің және оның мұрасын зерттеудің мәні мен мазмұны Лермонтов, Байрон еңбектерімен сабақтастырыла ашылса, онда әлемдік кеңістікте ұлттық-мәдени сананы қалыптастырудағы рухани үндестіктің нақтылануы зерттеу болжамы болып табылады.

Абай аудармасының көркемдік қыры мен мәдени концепциялары негізінде ақын өлеңдерінде қазақ, орыс, ағылшын тілдері мәдениетіндегі кездесетін ұғымдарға философиялық-таным теориясы негізінде түсінік беріліп, лингвомәдени салыстырмалы-салғастырмалы әдіс қолданыла отырылып, герменевтикалық талдау жасалды.

Абай мұрасын талдау барысында Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың құнды тұжырымдары негізге алынды. Ақын мұрасының ұлттық және халықаралық құндылығы қазақ ұлтының мәдени рухани аралық байланысын нығайта түсуінде екендігі қорытындыланады.

**Түйін сөздер:** аударма, ұлттық-мәдени концептілер, эмоционалды концептілер, мәдениетаралық тілдік қарым-қатынас.

Baisarina Zh.S.

PhD student of L.N. Gumilyov Eurasian National University,  
Kazakhstan, Astana, e-mail: zhazira\_82@mail.ru

**Harmony in three poets' writings (Abai, Lermontov, Byron)**

Currently, in the period of development of the Kazakh national identity as well as in preserving the national code and defining cultural boundaries, the study of the translation of historical-cultural and emotional concepts in unrelated languages, in order to identify the similarities and differences in the translation of Abai's poem "My soul is dark ..." in Kazakh and Russian languages with the original work in English are defined as the aims and tasks of this article.

Consideration of the content and importance of the era of Abai and his heritage are revealed in conjunction with the works of Lermontov and Byron which followed by determining the research hypothesis in concretizing the spiritual relationship in the formation of national and cultural consciousness in the global universe.

Based on the figurative perception and cultural concepts of Abai's translation in the philosophical and cognitive aspects, the cultural concepts in Kazakh, Russian and English languages are defined with the usage of lingua-cultural comparative methods and hermeneutical analysis. In the process of analyzing, within the framework of Abai's legacy, the results of Kazakh and western studies' results are taken as the basis of a given article so far.

**Key words:** translation, national-cultural concepts, emotional concept, intercultural language communication.

Байсарина Ж.С.

Докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева,  
Казахстан, г. Астана, e-mail: zhazira\_82@mail.ru

### Поэтическое созвучие Абая, Лермонтова и Байрона

В настоящее время в период развития казахской национальной идентичности, также в сохранении национального кода и определения культурных границ, исследование перевода изучается посредством языкового и философского анализов национально-культурного и эмоционального концептов в неродственных языках для определения сходства и различия переводов в стихотворении Абая «Көңілім менің қараңғы...» на казахском и русском языках с оригиналом произведения на английском языке, что определяют цели и задачи данной статьи.

Рассмотрение содержания и значения эпохи Абая и его наследия раскрываются во взаимосвязи с трудами Лермонтова, Байрона, что свою очередь определяют гипотезу исследования в конкретизации духовной взаимосвязи в формировании национально-культурного сознания в мировом пространстве.

На основе художественного приема и культурных концепций перевода Абая в философско-познавательном аспекте даны определения понятиям культуры казахского, русского, английского языков, встречающихся в стихотворении Абая с использованием лингвокультурного сравнительно-сопоставительного метода, проведен герменевтический анализ. В процессе анализа наследия Абая за основу были взяты результаты исследований казахстанских и зарубежных ученых.

Национальная и международная ценность творческого наследия поэта способствует укреплению межкультурных духовных связей казахской нации, что является выводом статьи.

**Ключевые слова:** перевод, национально-культурные концепты, эмоциональный концепт, межкультурная языковая коммуникация.

### Кіріспе

XIX ғасырда қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ресейлік және Батыстық мәдени даму өрісіне біртіндеп енуі қазақ халқының өміріне мәдени құнды тәжірибенің, соның ішінде орыс-қазақ әдеби байланыстарының, атап айтқанда қазақ қоғамында аударманың тууына себеп болды. Қазақ ұлтының әлеуметтік ой мен мәдениеттің ең ірі қайраткерлері Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың талай ғасырлық әдебиеті мен мәдениеті қалыптасқан орыстың, сол арқылы Батыстың оқу-ағарту ісін өз халқына таныстыруы әлемдік әдебиетке жол сілтеді. Аталмыш ғасыр шетел әдебиеті алып тұлғаларының әлемдік әдебиет кеңістігінде тоғысқан тұсы. Сол заманғы Байрон, Гете, Гейн, Хьюго, Балзак пен Диккенстің жеке туындылары өзге тілдерге, соның ішінде орыс тіліне аударылуы, Ресей үшін өте құнды болды. Сол ғасырда қазақтың дара Абайы өзінің ұлтшылдық және адамгершілік идеяға толы, жалпы адамзаттық идеяның біртұтастығы мен құндылықтары жайлы шығармаларын паш етті. Абайдың бұл мақсаты тек қазақ зерттеуші ғалымдарының ғана емес, сонымен қатар бірқатар шетел ғалымдары арасында да өзектілігін айғақтап жүрген мәселелердің біріне айналды. Бұл М. Әуезовтың үлкен еңбегінің жемісі. Өйткені, 1945 жылғы сұрапыл соғыстың шоғы сөнбей

жатып, М. Әуезов Абайды шетке насихаттау арқылы стратегиялық бағыт ұстанып, ағылшын тілінде Абайдың ақындығы мен ағартушылығы жайында мақаласын жарыққа шығарды (Ауезов, 1945:58). Нәтижесінде, қазіргі таңда Абай шетелдік қоғамда өз оқырмандарын тауып, зерттеушілердің назарына айналды.

Мәселен, қазақ ауыз әдебиеті өнерін зерттеуші американдық Томас Уиннер өз еңбегінде: «Abai took his inspiration from this background of Kazak, Islamic, and Western culture and in his writings he attempted to synthesize these three traditions», яғни «Абай қазақ, ислам және батыс мәдениетінің түп-тамырынан рух пен шабыт алып, өз шығармаларында осы үш дәстүрді синтездеуге тырысты» деп тұжырымдаса, (Winner, 1980a:112) француз сыншысы Миррей Борис «Книга мечтаний» мақаласында «Кітаптың әдемілігі, оның басты кейіпкері – Абайдың ақындығында. Ақындар өздерінің әндерімен шығыс мәдениетін жеткізіп отырады. Олардың арасында сөздің шынайы құндылығы мен мәнін, сөздің және әуеннің зор мағынасын ашып көрсететін ең үздігі, ол – Абай» (Humanite, 1959) деп тамсанған.

Қазіргі кезде Хакім Абайдың қайталанбас ақындық әлемі қазақ, орыс, шетел ғалымдары арасында тарихи, мәдени, тілдік, әлеуметтік, аударма сынды ғылыми салаларда қызығушылық танытып, зерттеу мәселелеріне айналып, зерттеліп

жатса да, әлемдік әдебиеттің үздік қатарынан әлі де көріне алмай жатыр. Жаңа заманда философия, әлеуметтану, мәдениеттану, тіл білімі ғылымдарында Абай тағылымының ұлттық идеялар мен жаңа көзқарастарды қалыптастыруда ықпалы зор болды. Абайдың мұрасы, Абай дәстүрі, Абайдың аударма шеберлігі – жаңа заман өкілдері үшін өнеге тұтар рухани күш-қуаттың көзіне айналды.

### Негізгі бөлім

Еліміздің маңдай алды қаламгерлерінің бөгде елдің ақын-жазушыларының төл туындыларымен таныс болып, оны өз тілінде сөйлетіп, өз оқырман қауымына жеткізуі мәдени мұраның рухани толықсып, мәдениеттің өркендеп дамуына зор ықпалын тигізетін «алтын көпірі» десек артық емес. Шоқан, Ыбырай, Абай дәуірі – көркем аударма үрдісінің Шығыс пен Батысты жете таныстырған алғашқы үздік үлгілерінің айнасы бола тұра, XX ғасырдың басында осы бастаманы жалғастырушы ақын жазушылар әдебиет пен аударма ортасынан табылып, өзге ұлт әдебиетін қазақ жеріне, сол сияқты төл мәдени туындыларымызды батысқа аударуға бет бұра бастағаны мәлім.

«Абай философиялық ойға толы өлеңдер мен арнаулар жазды. Барлығын да өз жүрегіне түсінікті, өз халіне жанасатын, өзінің әлеуметтік мұң-арманына тап келетін өз қиялына үйлесетін, ерекше бір жақындығы болғандықтан аударды» (Әуезов, 1967a:23). Ол 1886 жылдан бастап А. Крылов, А. Пушкин, М. Лермонтовтың шығармаларын қазақ тіліне аударма бастады. «Қазақ мәдениетінің келешекте өркендеуінің кепілі, оның тарихи даму жолында сенімді жолбасшы болған орыс мәдениетіне (сол арқылы бүкіл еуропа мәдениетіне), ең алдымен, оған дейін мүлде белгісіз орыстың ұлы классиктері қалдырған мұраға Абайдың үміт артуы орасан маңызы бар факті еді» (Әуезов, 1967b:184). «World Literature Today» журналында шетелдік ғалым, осы ойды былай жалғастырады: «Abai's interest in Russian culture and his translation of several classics into Kazakh is overemphasized, leaving the impression that his talent is grew out of acquaintance with Russian literature, especially Pushkin» (Margot K. Frank, 1988:730).

Абай жаңа мәдениетті өз бойынан өткізіп қана қоймай, рухани дүниесін жаңа идеялармен де байытып, орысша аудармалар арқылы Батыс Еуропаның классиктерінің ішінен Гете мен Байронды аударуды жөн санады. Абай ау-

дарма жасағанда, өлеңдегі мысал-моральін қазақ дүниетанымына, ұғымы мен түсінігіне үйлестіріп, кейде өзгертіп, айрықша бір нақыл сөз, тіркестеріне келтірді.

Кезінде абайтанушы Қ. Мұхамедханов аударма ісімен шұғылданып жүрген шәкірттерінің біріне: «Абайды орыс тілінде сөйлетіп, шығармаларын орыс тілді аудиторияға таныстыруымыз керек. Мына орыс халқы Абайды білмейді, оқи алмай жатыр. Ал біз Пушкинді, Дюманы, Бальзакты өз тілімізде оқи аламыз. Егер Абайды орысша аударсақ, қазақ халқының тарихы, әдебиеті, ұлттық құндылықтары тұтасымен жан-жаққа дәріптелер еді» (Дидар газеті, 2017: №31,15 наурыз).

Қандай болмасын ұлт ақынын бір тілден өзге тілге аудару – мәселе. Айталық, күні бүгінге дейін орыстың тамаша ақыны Александр Пушкин Еуропа тілдеріне биік деңгейде аударылмай жүр. Осылай дегенмен ұлт ақынын бір тілден өзге тілге аудару қиын деген түсінік қалыптаспауы керек. Ақынды аудару дұрыс, бірақ оны түсініп аударған жөн. Өкінішке орай, қазаққа жақын болып кеткен орыс тіліне Абайды өз мәнінде аудару болмай жүр. Орыс тілінде Абай өлеңдері тым қарапайым, кейде тіптен тұрпайы болып шыққан. Бұл туралы Қанат Тасибеков өз еңбегінде мынадай мәселеге тоқталады.

Қалың елім қазағым, қайран жұртым,  
Ұстарсыз аузыңа түсті мұртың.  
Жақсыменен жаманды айырмадың,  
Бірі қан, бірі май бор енді екі ұртың,

өлеңіндегі «бір ұртың май, бір ұртың қан» өлең жолын «*Кровь за левой щекой, жир за правой щекой*» деп аударылған (Тасибеков, 2015:59). Бұл Абай шығармаларын орыс тіліне аударудағы үлкен мәселе.

Ал, Абай шығармаларын ағылшын тіліне түпнұсқадан аудару мүлдем тың мәселе. Олай дейтініміз, қазіргі таңдағы көптеген аудармалық ауытқулар бірқатар түсініспеушіліктер мен орасан қарама-қайшылықтарға жетелейтіні анық.

Ендігі мақсат, Абай туындыларын толыққанды ағылшын тіліне аударып, Байронша сөйлету өзекті мәселе.

### Нәтижелері мен талдануы

Ағылшын әдебиетінің классик ақыны Джордж Байрон (1788-1824) мен орыс ақыны Михаил Лермонтов (1814-1841) және қазақ ақыны Абай үшеуі поэзия толқынында

түйісіп, бір-бірімен үндестік тапты. Көзінің тірісінде, шалғайдағы Ресей елі үшін Байрон поэзиясы сарқылмас бұлақ көзіндей жаңа ағын әкелгенін, өзі де аңғармады. Байронның сағынышы, өмірлік қасіреті орыс өлкесіне де келіп жетті. Михаил Лермонтов XIX ғасырдың 30 жылдарында Байрон өлеңдерін аударуға бет бұрды. Өкінішке орай, ол өмірден ерте озып, Байронның тек үш өлеңін ғана аударып үлгерді: «Прости», «В альбом», «Еврейские мелодии».

Лермонтов Байронның «Еврей күйі» циклынан алынған өлеңі «My soul is dark» – «Моя душа мрачна, Скорей, певец, скорей» өлеңін еркін аударған болатын. Өлең мазмұны мұң мен шер, жан қайғысы мен сағынышқа толы. Көңілінде бейіштің үні ұялаған, үміті әлі сөне қоймаған, қайғыдан қан жұтқан лирикалық кейіпкер басына төнген «қаһарлы сәтке» шыдамай, үмітін оятып, көз жасын төгіп қайғысымен қош айтқысы келеді.

Хакім Абай орыс ақыны Михаил Лермонтовтың туындыларын тәржімалауға бет бұрғанда, көңілі «Тұманды Альбионның» ақыны Джордж Байронға ауады. Лермонтов аудармаларындағы Байронның лирикалық өлеңдерінің ішінде «Еврей күйі» шығармасына Абай кездейсоқ тоқталған жоқ. Абай бұл өлеңнен кінәсіз құрбандардың ұлттық тежелуін, олардың зор қайғысы мен жан айқайын ести алды. Лермонтовтың аудармасы Абайдың көңіліне жақындық тауып, гуманистік идеялары тыныштық бермеді. Осылайша, қанша заман ауысып, қанша буын ұрпақ жаңарса да, ақын айтқан «куаты күшті, нұрлы сөздің» сыры кетпей, сыны бұзылмай, көңілді құйқылжытар Абайдың «*Көңілім менің қараңғы, бол, бол ақыны*» да дүниеге келді.

Әр тарихи кезеңде дүниеге келген аталмыш өлеңнің үш тілдегі нұсқаларын қарастырып, ұғым сөздерге тоқталып, өзара үндестік пен айырмашылықтарын қарастыралық.

#### 1-кесте

J.G. Byron	М. Ю. Лермонтов	Абай
My soul is dark – Oh! Quickly string The harp I yet can brook to hear; And I let thy gentle fingers fling, Its melting murmurs o'er mine ear. If in this heart I hope be dear, That shall charm it forth again: If in these eyes there lurk a tear, 'Twill flow, and cease to burn my brain' (Coleridge, 1900:389).	Душа моя мрачна. Скорей, певец, скорей! Вот арфа золотая: Пускай персты твои, промчавшись по ней, Пробудят в струнах звуки рая. И если навек надежды рок унес, Они в груди моей проснутся, И если есть в очах застывших капля слез, Они растают и прольются (Лермонтов, 1839:80).	Көңілім менің қараңғы. Бол, бол, ақын! Алтынды домбыраңмен келші жақын. Ішек бойлап, он саусақ жорғаласа, Бейіштің үні шығар қоңыр салқын. Егер сорым түбімен әкетпесе, Керек қой көңілді үміт тебіретсе, Қатып қалған көзімде бір тамшы жас, Төгілмей ме, бой жылып, ол да ерісе?! (Дүйсенбайұлы, 2005:144).

Зерттеу негіздеріне сүйенетін болсақ, өлең Байрон түпнұсқасында да, Лермонтовтың аудармасында да, он алты жолдан тұрады, бірақ Абайда алғашқы сегіз жолы аударылған, ал қалған жолдардың аударылғандығы жайлы мәлімет еш жерде берілмеген. «*Көңілім менің қараңғы, Бол, бол ақын!*» үш тілге де ортақ, мәндес, терең философиялық ойға жетелейтін көркемдік аударманың тамаша мысалы. Осындағы «*көңіл – душа – soul*» түпкі философиялық тамыры «*жан, ішкі әлем*» сөздеріне саяды, яғни ойтанымы, жаны мен рухының тазалығын немесе жабырқаулы мұң мен шерін бейнелеуге қолданылатын сөздер.

Адамдардың табиғаттағы әртүрлі құбылыстарды бақылап, оны өз іс-әрекетімен, тәжірибесімен салыстыруы, ассоциациялық

бейнелер түрінде әртүрлі нәрселердің ұқсас жақтарын табу, солардың негізінде танымын кеңейту тілдік құбылыстарға негізделеді. Көңіл – *ой, ес, сана* (Абай тілі сөздігі, 2011а:273). Осы үшеуі адам өміріндегі көңілге түрлі қозғау салатын күштер. Академик Зәки Ахметов зерттеулерінің бірінде: Абай шығармаларының басты идеясы – ақынның өлеңді кеудеге толған қайғыны, зарды жас етіп төгіп, бойды жеңілдетіп, сөнген үмітті қайта тұтандыратын зор қуат күші бар деп қарауы – өлең сөзді қастерлеуі (Абай энциклопедиясы 1995:289). *My soul is dark – Oh! Quickly string; Душа моя мрачна, Скорей, певец, скорей!; Көңілім менің қараңғы, Бол, бол ақын!* өлең жолдарында ақынның әуезді үнді тыңдауға құмарлану сезімі, «асықтырып, желіктіріп» шыдамсыздық

танытуын, бойындағы қараңғылыққа шипа болар, нәзік әуен екенін жеткізгісі келеді.

Сондықтан да Абай ішкі жан дүниесімен, ішкі арпалысымен күресіп, мұңын, қайғысын «*ішім өлген, сыртым сау, мен ішпеген у бар ма?*» деп қазаққа емес, қараңғылыққа қапалылығын жабырқаулы күйін өлеңдерінде эмоционалды сезімімен білдірген.

Абай аудармасындағы қазақ болмысына тән, этномәдени ұғым – *домбыра*. Домбыра – қазақ халқы үшін киелі ұлттық аспаптардың ішіндегі төресі. Ол – қазақтың төлқұжаты, бренды. Ол өзге тілге аударылмай, сол қалпында қолданылатын, тек қазақ халқына тән реалий сөздерге жатады. Онда қазақтың үні, қазынасы жатыр. Сонау ерте ғасырлардан бері ақын-жыраулардың қуанышы пен жеңісіне куәгер болып келген қаруы. Төгіле ойнаған күйдің үні батырлар жырында, салт-дәстүр, жоралғыларымыз бен мәдени құндылықтарымызды ғасырдан ғасырға жеткізіп келеді. Ол қазақ халқы үшін тек қана музыкалық аспап емес, құнды мұра болып табылады. Қазақ болмысында домбыра дегенде, дархан даланың ерке қазағына ең бірінші домбыраның қоңыр үні естіледі емес пе? Қос ішектен төгілген ән мен күй күмбірі дала төсін өз сазымен тербейді.

Өз кезегінде «*арфа*» төрт жарым мың жылдық тарихы бар Ирландияның ұлттық символына айналған көне аспап екені мәлім. Егер Абай аудармада «*алтынды арфаңмен*» келші жақын десе, естір құлаққа да, айтар ауызға да бөтен болатыны анық. Ендеше қазақтың түсінігіне сай Абайдың «*алтынды домбыраңмен келші жақын*» деуі өте орынды. Байронда «*the harp*», Лермонтовтың «*золотая арфа*» сөзімен тәржімаланып, «золотая» сөзімен көркемделіп тұр. Байронның «*The harp I yet can brook to hear*» (с.с.а. *арфа үнімен масаттандыр*) өлең жолының астарында философиялық миф жатыр. Ертедегі аңыз бойынша: «Өз қиялындағы жындармен алысып, мазасы қашқан еврей халқының алғашқы патшасы – Саул патша жұбанышты тек Давидтың ойнаған сазды әуенінен тапқан. Саул патшасының образы екі ақынның сары уайымының кескін, көрінісі тәрізді. Әрине, екеуінің жеке тұлға немесе шығармашылық тұлғалар ретінде де аударма туындыларындағы көңіл-күйлері, идеялары, танымдары аударма барысында өз көлеңкесін түсірмей қоймайды. Лермонтов аспаптың атын Байронша арфа деп қалдыруының себебі, орыс халқына да арфаның жақындығында, орнының айрықшалығында.

Байронның «*And I let thy gentle fingers fling*» (с.с.а. *нәзік саусақтар ойнақтаса*),

Лермонтовтың «*Пускай персты твои, промчавишия по ней*», ал Абайдың «*Ішек бойлап, он саусақ жорғаласа...*» жолында қара домбыра шырқалғанда, өнер, ән мен күй десе ішкен асын жерге қояр қазақ та үнсіз жатпайтыны анық. Сол себепті ақын домбыраның құлағында ойнайтын жақсы қазақтың бейнесін ортаға тастап, аударма тілінің тыңдаушыға тұла бойын желіктіреп әсерлі, күмбезді үні ұлы даланы дүбірлетіп, тебірентіп тұрғандай естіледі. Шетелдік журналдардың бірінде домбыраның құдіреті туралы Мэри Джо Киэтцман мынадай пікір қалдырыпты: «*It is the Kazakh national instrument and only Kazakh melodies sound right on it*», яғни «Ол қазақтың ұлттық аспабы және онда тек қазақтың ғана әуендері дұрыс ойнайды». Расында да, әр ұлттың күйі тек өз аспабында ғана еркін төгіледі (Mary Jo Kietzman, 2013:103).

Осы жерде «жорға» сөзі қазақтың «*төрт аяғын тең тастап, шайқала ағындайтын жүріс*», яғни «*еркін сезіну*» деген мағынаны білдіреді. Демек, Абай аудармасындағы «... он саусақ жорғаласа» деген өлең жолы қазақтың домбырада сенімді, әрі еркін ойнауын бейнелейді (Абай тілі сөздігі, 2011b:8).

Абай «бейіштің үні» дейді. Бұл әр адамға ой салар, толғандырар терең философиялық ойға жетелейтін ұғым. «*Бейіш*» – жаннат, жұмақ. Мұндағы Абайдың айтпағы, домбыраның құдіретті үні жұмыр жер мен көк иесі – Көк Тәңіріне де жететіндігінде. ...Байрон «*Its melting murmurs o'er mine ear*» (с.с.а. *әуен құлаққа тыныштық береді, мазамды қашырған шуды басады*) өлең жолы аллитерациялық құбылыс негізінде «*әуеннің тыңдаушыға жұмсақ, жеңіл, сабырлы жетуін*» көркемдей келе, Абай тек Лермонтовты оқып емес, Байронның да шерін ұғып аударманы көркемдік шеберлікпен көпшілікке ұсынған. Бұл ретте «*бейіш*» әрине, тыныштық пен жан рахаты мекені. Әр өлеңі мен сөзінен жаңашалық, терең философиялық ой кездестіреміз.

Осы жолдағы «... *қоңыр салқын*» (ауыспалы мағынада «жайлы, жағымды үн») тіркесіне тоқталсақ. Абайдың айтпағы – *қарапайым, ырғақты әуен*. Символдық қолданыстағы «*қоңыр*», түр-түсті емес, «*қоңыр дауыс, қоңыр үн*» тіркестеріндегі – бірқалыпты ырғақпен айтылатын құлаққа жағымды дауысты білдіретін, әсерлеуші метафора ретінде қолданылып тұр (Абай тілі сөздігі, 2011c:329). Халық түсінігінде қоңыр «*киелі, қасиетті*» деген түсінік береді. Мысалы: *Қоңыр Әулие үңгірі, қоңыр жел*. Айта кетер жайт, Мұхтар Әуезовтың балалық

шағында апа-жеңгелері Мұхтарға еркелетіп «Қоңыр» деп ат қойыпты. Кейіннен ғалым Әуезов өз мақаласының авторы ретінде *қоңырды* бүркеншік есім деп беріп отырған. Михаил Лермонтов «*Пробудят в струнах звуки рая*» – (с.с.а. *ішекте бейіштің үнін оятар*) деп берсе, Абайдың көркемдік шеберлігі Лермонтовтың да, тіпті түпнұсқаның көркемдігінен де асып кеткен. Әрине, домбыра үнін ести сала ет-жүрегің елжіреп, еріксіз қоңыр әуенге берілесің. Абай әрбір заттық мәндегі сөзге көркемдік беріп, суреттеп жан бітіреді.

Қазақ халқы дүниетанымында «сор» – кесір-кесапат, бақытсыздық, ауыртпалық мағынасында қабылданады. Қазақ тілінде «*бақ пен сор*» ұғымдары кең және тар мағынада («*басына бақ қонды*», «*бағы жанды*», «*бағы ашылды*», «*сорға айналды*», «*соры қайнау*», «*соры арылмаған*», т.б.) тілдік қолданыстарға ие (Абай тілі сөздігі, 2011d:456). Бұл өлеңде «егер сорым түбімен әкетпесе» дейтін себебі, сол заманғы пәле-жаланың аяқ алдырмайтындығын меңзеген, алайда үміт сәулесінің бір жалт еткен ұшқыны көрінетінін арқау етеді. «*И если навек надежды рок унес*» жолындағы «рок» орыс түсінігінде «*жазмыш, тағдыр*» мағынасын білдірсе, Байронда «*If in this heart I hope be dear*» деп жүректегі үміт сәулесінің жылулығының «*егер сөнбесе*» деп ертеңіне ақ үмітпен қарайтынын меңзейді.

Адамзат баласы үнемі ертеңінен салиқалы үміт күтеді. *Үміт* – адамның өшпес, таусылмас арманы, сенімі мен ақ тілегі. Адамның жүрегіне үміт сәулесін ұялатар «*жақсы сөз жарым ырыс*» демекші жылы сөз, арқау болар тілек айтсақ, оның бойын үкілі үміт ұшқыны селт еткізіп, жүрегің қуанышқа бөлейтіндігі рас. Халық түсінігінде «*үміті ақталды*», «*үміт артты*», «*үміт етті*», «*үміт дүниесі*» сияқты тіркестер бұған дәлел болмақ. Бұған қарама-қарсы «*үміті үзілді*», «*үмітсіз шайтан*» тіркестері арман, мақсаттың өшкенін білдіреді (Абай тілі сөздігі, 2011e:563).

Абай тіліндегі «*үміт*», Лермонтовта «*надежда*», ал Байрон «*hope*» деп мағынасының үш тілде де дөп берілуі, мағыналық ауытқуға апарып, аударма кезінде еш күмән келтіріп, қиындық жасамайтын ұғым. Себебі үш тілде де бір мағынаны береді. Тіпті «*үміт сәулесі*» орысша «*луч надежды*», ал ағылшын тілінде «*ray of hope*», «*beacons of hope*» *идиомаларымен беріледі*. Академик Ғарифолла Есім: «Абайда үміт бар. Үміт – өмірдің шырағы. Үмітсіз ғұмыр жоқ. Абай үміті – мағыналы. Ол – ойшыл. Елден ерек жаратылған «жас шынардың» үміті де шы-

нардай биік. Оны қазір ешкім де анықтай алмақ емес. Өз үмітін айқындаушы Абайдың өзі ғана. Ол нені үміт етіп алған. Оны біле қою қиын, деп үміт жайлы эссесінде ой толғайды» (Есім, 2017a:100).

Кестеге қарап үш тілдегі нұсқасын қарап отырсаңыз, байқайтынымыз Абай Байронмен де, Лермонтовпен де тілдесіп, екеуінің де жан дүниесін түсініп, өз өңменінен өткізіп үздік аударған. Олай дейтініміз, Абайдың «*Қатып қалған көзімде бір тамшы жас*» өлең жолы, орыс ақыны Лермонтовтың аудармасында «*И если есть в очах застывших капля слез*» деп таза қалпында үндесіп тұр. Ал Байрон болса, өз түпнұсқасында «*If in these eyes there lurk a tear*» (с.с.а. *көзімде жасырынған жас болса егер*) деп беріледі. Байронның «*жасырынған жасын*» Лермонтов «*застывших капля слез*» деп «ашулы, зәрлі» сезімді ұялатып тұр. Абай Байронды оқымай, білмей оның «*lurk a tear*» (с.с.а. *жасырынған жас*) туралы айтпағын, «*қатып қалған жас*» дейді. Ойлана қарасақ, расында да Байронның айтпақ «*жасырынған жасы – lurk a tear*» дегені қатып қалған жас болып тұр.

Соңғы жолда, Абай «*Төгілмей ме, бой жылып, ол да ерісе?!*» десе, Лермонтов «*Они растают и прольются*», Байрон болса өз түпнұсқасында «*Twil flow, and cease to burn my brain*» (с.с.а. *санамның қапалы отын төгіліп, тоқтаусыз сөндірсін*) деп жазған. Абайға қарасақ, «*бойдың жылынуы*» қатып қалған жастың еріп, төгілуін тамаша әсерлеп, сол бейнені көз алдына әкеліп тұр. Байронның ойындағы «*жасырынған жас*» санамның отын сөндірсін дегені ағылшын тіліндегі «*brain*» – *ми* сөзімен байланысты. Ми жылынбайды да, өртенбейді де. Философиялық ой жүгіртсек, жасырынған жас қатып қалғандықтан төгілмеуі мүмкін. Бұл кезекте, Лермонтов «*қатып қалған жасты*», «*Они растают и прольются*» деп көркемдік құралдарсыз берген.

Лермонтов мәтіні өлеңнің ортақ ритмін тауып, интонацияны батыл әрі екпінді етіп желіктіріп тұр. Аудармашы үшін өлең ауқымы, жол саны аса маңызды емес, бастысы мағынасын оқырман санасынан өткізу, санасына құйып, жеткізу. Лермонтов тілі жеңіл, архаизмсыз, жанды әрі заманға лайық жазылған. Ағылшын әдебиетін зерттеуші, аудармашы Н.М. Демурова «Чудом слияния двух великих поэтов» деп М.Ю. Лермонтовтың өз заманының белсендісі Байрон шығармаларын аударғандағы еңбегіне берген бағасы (Самарина 1979:425).

Байронның әрбір сөзі мұң мен шер, қапалылыққа толы болса да, өлең ритмі жігер-

лендіріп, жастықтың отын жалындатып тұратыны байқалады.

«Абайдың бұл аудармасы бала күнімізден санамызға сіңіп кеткендігі сонша, тіпті оның аударма туындысы екенін аңғарылмайды. Ия, нағыз төл туынды. Тіл бөтендігі – түсінікке бөгет. Тілін білмесең, ол халықтың сырын да білмейсің. Абай тіл бөтендігін жеңді», дейді Ғарифолла Есім (Есім, 2017b:119). Расында да, өзге тіл тұрмақ, өз тілін жатырқайтындар аз емес. Абай болса, өзгенің тілі мен бірге сол халықтың жанын, мәдениетін, болмыс-түсінігін ұға отырып, желінің тұтастығы, ойдың өміршілдігі, сөздің тұнығын сүзген.

Түпнұсқаның идеялық жағын, нені меңзеп, нені көксеп тұрғандығын түсіну, оны өзге тілге дұрыс беру, әрине, қажырлы қайрат пен жігердің арқасы. Абай, мен аудармашы екенмін деп кез келген ақынның, кез келген өлеңін аударуды мақсат тұтқан жоқ. Ол орыс классиктерінің шығармаларының ішінен өзіне ұнаған, жақын, үндес, идеялас ақындардың өлеңдерін үлкен талғампаздықпен аударды. Зәки Ахметовтың пайымдауынша: «Абай қазіргі аудармашылардай тек түпнұсқаны бар қалпында жеткізуді ғана мақсат етпеген. Қай шығарманы болсын өз көңіл-күйіне үйлестіре, қысылмай, қымтырылмай еркін тәржімалайды» (Ахметов, 1994).

Абай да, Лермонтов та эмоционалды күйді бастан кешіп, лирикалық кейіпкерді ашу үшін аудармаларында эпитет, метафора, теңеулерді қолданған: *қатып қалған көзімде бір тамшы жас, алтын домбыра, бейіштің үні, қоңыр салқын, он саусақ жорғаласа.*

Сөзбе-сөз аударманың жақтаушылары аталған шығармадан сөздік, тілдік (образдық) ауытқулар табуы мүмкін. Өйткені сөзбе-сөз аударманың әдіснамасы, заңдылықтары мүлде басқа болғандығынан ғана. Десек те, туындының мазмұндық жағынан асқан шеберлікпен жеткізілген еңбек екеніне ешкім шүбә келтіре қоймас. Абайдың үздіктігі – әріп іздеп, сөз түгендемеген, керісінше байыбына барып, өрнегіне келтіріп аудармаға кіріскен.

Д. Рақымбекованың айтуынша: «Мағыналық мазмұны екі тілде бір-біріне сай келмейтін сөздерді аударып беру өте күрделі. Көптеген сөздердің негізгі, тура мағыналарынан басқа, сан алуан ауыспалы, келтірінді мағыналары, әр түрлі мағыналық реңкі болады» (Рақымбекова, 2013:259). Міне, Абай аудармасының көркемдігі, дәлдігі, әдемілігі, тіпті Лермонтовты баса озғандығы мен шеберлігі.

Байрон үшін өлең мен әуен – үміт сәулесін қондырар жанның шипасы. Миф желісі бойынша Саул патшасы әнші Давидке жүгініп, көмек сұрауы да осыдан болар. Оның ойынша, оның жанын қинаған жын әннен жалтарып, шегініс жасайды, сонда адам жаны рахатқа бөленеді. Байронда өлең идеясы – «әуесқойлылық» болса, Лермонтовта – «қаһарлылық». Ол – өмірді өзгертеді, жаңартады. Өлеңнің шарықтауына келер болсақ, Лермонтовта «айбарлылық, айбаттылық» басым, ал Байронда «ынтықтық, құмарлық» басым екендігі анық.

Осыдан барып Абайдың бұл өлеңді аударғандағы көңіл-күйі, идеясы не деген мәселе тұады. Абай аудармасының идеясы – домбыраның жырына, ән мен күйге құлақ салсаң, бойындағы дерттен арылып, өмірге деген құштарлықты оятады. Аталмыш өлең формасы әншіге жүгіну, арнау айту болса, шарықтауы – *«айбындылығында»*. Поэзия – өзінді, өз құпиянды ашу, жария ету. Абай тілімен айтқанда «сырынды жұртқа жаю». Хакім Абайдың «Көңілім менің қараңғы, бол, бол ақыны», ақынның ішкі-жан дүниесі мен құмарлығын жеткізіп тұрған тәрізді.

### Қорытынды

Абайдың келбеті мен жан-дүниесі ол қазақтың эталоны. Абайдың басты миссиясы қазақ болу, рухты көтеру. Өлеңдерін зер салып оқып Абайша жиіркеніп, Абайша тамсана білу жүрегім қазақ, тілім қазақ, өзім қазақ дейтұғын жас ұрпаққа келіп жеткен аманат.

Абай өз туындылары мен аудармалары арқылы қазақ халқының дәстүрлі ауыз әдебиетін қазіргі орыс және батыс әдебиетімен таныстыруы арқылы толықтай өзгертті. Ақынының шығармашылық мұрасының ұлттық және халықаралық маңызы Батыс Еуропалық классикалық шығармаларды кең ауқымды түрде түсініп, қазақ әдебиетінің көкжиектерін кеңейте отырып, мәдениетаралық байланысты нығайта түсті. Өз заманның ірі тұлғасы Абай жалпы адамзаттың мәдени құндылықтарын, әлемдік әдебиеттің идеялары мен көркемдік бейнелерін ерекше қайталанбас шеберлікпен танытуы арқылы, қазіргі заманғы шетел ғылымында зерттелу мәселесіне айналып отыр. Олай дейтініміз, Хакім Абай жайлы шетелдік ғалым Т. Уиннер өз еңбегінде: «He was at once an educator, a humanist, and philosophical internationalist, as well as a poet, prose writer, and translator» деп, бірқатар батыс зерттеушілерінің Абайды «бірден ағартушы, гуманист, философиялық интернационалист,

сонымен қатар ақын, жазушы, әрі аудармашы» деп бағалайтындықтарын айтады (Winner, 1958b:110). Осыдан екі ғасыр бұрын Абай қазаққа орыс тілін оқу керек, сол арқылы Батыс ілімін таныстырамын десе, бүгінгі таңда ше-

тел ғалымдары Абайдың туындылары арқылы қазақты тануға ұмтылуда. Демек, Абайдың «өнер, ғылым, тіл үйрен, тіл білсең көкірек – көзің ашылады» деген ағартушылық арманы орындалуда.

### Әдебиеттер

- Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (2005) Шығармаларының екі томдық жинағы. Бірінші том. Өлеңдер мен аудармалар. \ Жауапты редакторы Е. Дүйсенбайұлы. Алматы: «Жазушы». – 296 б.
- Абай журналы (1994) №12.
- Абай тілі сөздігі (2011) \ Құрастырушы: Ш. Ахметова. Алматы: «Өнер». - 616 б.
- Абай энциклопедиясы (1995) Алматы: «Атамұра баспасы». – 400 б.
- Әуезов М. (1967) Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер.- Алматы: «Ғылым». - 391б.
- Джордж Гордон Байрон (1979) Избранное, издание второе. \ Составитель: Самарина Р. М. Москва: «Прогресс». – 520с.
- Дидар газеті (2017) №31, 15 наурыз.
- Есім F (2017) Кемеңгер Мұхтар. Астана: «Хас-Сақ баспасы».- 320 б.
- Лермонтов М. (1839) Еврейские мелодии. (Из Байрона.) \ Отечественные записки, учено-литературный журнал, издаваемый Андреем Краевским на 1839 год. Том IV, №6, отд III. – СПб.: «В Гутенберговой типографии».-с.80.
- Рақымбекова Д. (2013) Аударма теориясы мен тәжірибесі, Астана: «Фолиант баспасы». – 412 б.
- Тасибеков К. (2015) Ситуативный казахский. Мир казахов.-ИП «Тәкеева А.Б.»-270 с.
- Auezov M. (1945) International literature vol. XII, no.11. Moscow: «Foreign language publishing house». Printed in the Soviet Union. p.58.
- Coleridge, M.A. (1900). The works of Lord Byron. A new, revised and enlarged edition with illustrations. Poetry. vol. 3. London: «First edition». – 594 p.
- College literature: A journal of critical literary studies 40.2. (Spring 2013). pp.103-129
- Humanite (1959), 19 August.
- Winner, Thomas G. (1958) The Oral Art and Literature of the Kazakhs of Russian Central Asia. Durham, NC: Duke UP. – 269 p.
- World Literature Today (Autumn, 1988). vol. 62, no. 4, Reviewed by: Margot K. Frank Raja Rao: «Board of Regents of the University of Oklahoma».- 730 p.

### References

- Abai (Ibrahim) Kunanbaiuly (2005) Shygarmalarynyn eki tomdyk zhinagy. [Two-volume collection of works]. Poems and translations. \ Zhauapty redaktory Y. Duisenbaiuly. vol.1. Almaty: «Zhazushy». -296 b. (in Kazakh).
- Abai zhurnalny (1994) [Journal of Abai]. no.12 (in Kazakh).
- Abai tili sozdigi (2011) [Dictionary of Abai's language]. \ Kurastyrushy: Sh. Akhmetova. Almaty: «Oner»: – 616 b. (in Kazakh).
- Abai encyclopediasy (1995). [Encyclopedia of Abai]. Almaty: «Atamura».- 400 b. (in Kazakh).
- Auezov M. (1967) Abai Kunanbaev. Makalalar men zertteuler. [Articles and researches]. Almaty: «Gylym», 391b (in Kazakh).
- George Gordon Byron (1979) Izbrannoe, izdanie vtoroe. [Selections from Byron]. vol.2. \ Sostavitel: Samarina R.M. Moscow: «Progress». -520 p.(in Russian).
- Didar gazeti (2017) no.31. [Newspaper Didar]. 15 Nauryz (in Kazakh).
- Yessim G. (2017) Kemenger Mukhtar [Mukhtar the Genius]. Astana: «Khas-Sak». – 320 p. (in Kazakh).
- Lermontov M. (1839) Evreiskaya melodia. (Iz Bairona.) \ Otechestvennye zapiski, ucheno-litratunyi zhurnal, izdavaemyi Andreev Kraevskim. SPb.: V Gutenbergovoi tipigrafii. [Hebrew Melodies. (from Byron) Local memoirs, educational-reported journal]. vol.IV, no.6, otd III (in Russian).
- Rakymbekova D. (2012) Audarma teoriasy men tazhribesi [The theory and practice of translation], Astana: «Foliant». – 412 b (in Kazakh).
- Tasibekov K. (2015) Situativnyi kazakskii. Mir kazakhov. [Situational Kazakh. The world of Kazakhs]. IE «Takeev A.B.» – 270 s (in Russian)
- Auezov M. (1945) International literature vol. XII, no.11. Moscow: «Foreign language publishing house». Printed in the Soviet Union. 58p. (in English)
- Coleridge, M.A. (1900). The works of Lord Byron. A new, revised and enlarged edition with illustrations. Poetry. Vol. 3. London: «First edition». – 594 p. (in English)
- College literature: A journal of critical literary studies 40.2. (Spring 2013). pp 103-129.
- Humanite (1959), 19 August. (in English)
- Winner, Thomas G. (1958) The Oral Art and Literature of the Kazakhs of Russian Central Asia. Durham, NC: Duke UP. – 269 p. (in English)
- World Literature Today (Autumn, 1988). vol. 62, no. 4, Reviewed by: Margot K. Frank Raja Rao: «Board of Regents of the University of Oklahoma». – 730 p. (in English)